

## **"Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 202 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 маусымда № 5674 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 128 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 03.05.2016 № 128 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Утешов*

Әкімдіктің  
2015 жылғы 8 маусымдағы  
№ 202 қаулысымен бекітілген

## **"Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### 1. Жалпы ережелер

1. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Жітіқара қаласы әкімінің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік

мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Жітіқара қаласы, Досқали Асымбаев көшесі, 51.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік

бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссия: "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Жітіқара қаласы әкімінің ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қызметін қамтамасыз етеді.

15. Міндеттері:

1) мемлекеттік егемендікті, конституциялық құрылысын қорғау және нығайту, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру, мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын орындау, қаладағы әлеуметтік және экономикалық процесстерді басқаруды жүзеге асыру;

3) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтық сана деңгейін және еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі олардың азаматтық белсенді ұстанымын арттыру бойынша шараларды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) Президент жүргізіп отырған Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатын түсіндіру;

2) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді жариялау;

3) "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жоспарлау, кеңестерді, құқықтық жалпы оқытуды және басқа да іс-шараларды өткізу;

4) Жітіқара қаласы әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталмағандығы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану;

6) әкімнің шығарған актілерін тіркеуді жүргізу;

7) әкімнің актілерін тиісті ресімдеуді қамтамасыз ету;

8) "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің іс қағаздарын жүргізуін ұйымдастыру;

9) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдауды, тіркеуді және есепке алуды ұйымдастыру;

10) мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған шараларды қабылдау;

11) жұмыстың үлгісі мен әдістерін жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

12) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету;

13) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларынан және өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттарды, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;

2) мемлекеттік органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңды тұлғаларға және жеке тұлғалардың өкілдеріне түсініктемелер беру;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға жеке жауапты болатын қала әкімі жүзеге асырады.

19. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкілеттігі:

1) "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда ұсынады;

2) "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, және әкім орындаушын аппаратына жүктелген функциялар мен міндеттерге жеке жауап береді;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындайды, босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;

4) "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті нұсқаулар береді, шешімдер мен өкімдер шығарады;

5) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;

6) жеке және заңды тұлға өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді;

7) өз құзыреті шегінде "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ақшалай қаражатын басқарады, қаржылық құжаттарға қол қояды;

8) "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке бағытталған шараларды қолданады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.